

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

05 қыркүйек 2016 жыл

### **KASE жаңа даму стратегиясын іске асыруға кірісті**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесі 2016 жылдың 31 тамызында 2016-2018 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекітті.

Жаңа стратегия Биржаның клиенттерге бейімделуін арттыруға, оның инновациялар мен коммуникацияларға ашықтығына, отандық эмитенттердің, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік инвесторлардың қажеттіліктерін тиімті қанағаттандыруға қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Биржа өзінің миссиясын отандық компаниялардың қаржы тартуына қажетті технологиялық инфрақұрылымды жергілікті қамтамасыз ету және шетелдік инвесторлар үшін сенімді, тұрақты және айқын инвестициялық аясын ұсыну арқылы Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына себептесу деп түсінеді.

2016-2018 жылдарға Биржа өз мақсаты деп техникалық модернизацияны және халықаралық салалық стандарттарды енгізуді белгіледі, бұл маркетингтік белсенділікпен, ашық ақпараттық саясатпен және инвесторлар мен бағалы қағаздар эмитенттерінің мүдделеріне мұқияттылықты арттырумен бірге биржалық нарықтың көлемі мен өтімділігінің өсуіне жеткізеді, сондай-ақ бизнесті қор нарығының құралдары арқылы қаржыландыру үлесінің артыуына әкеледі.

Өз миссиясын жүзеге асыру мақсатында Биржа дамудың үш өзекті стратегиялық бағыттар бойынша жұмыс жасайды:

- 1) қор нарығына жаңа эмитенттерді тарту, инвесторлық базаны кеңейту, валюталық нарықты дамыту және клирингтік қызметті дамыту арқылы биржалық нарықты дамыту;
- 2) нарыққа қатысушылармен және Биржа мүшелерімен жұмысқа акцент жасай отырып, корпоративтік интернет-сайтты дамыту, Биржаның имиджін жақсарту және оның қызметі және туралы ақпараттандыруды және қызметтердің сапасын көтеру арқылы, Биржаның және оның қызметтерінің клиентке бейімделуін арттыру;
- 3) биржалық ақпаратты сатуды жылжыту және кеңейту, IT-жүйелерін түрлендіру және тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту есебінен, биржалық бизнестің тиімділігі мен бәсекелеске қабілеттілігін арттыру.

Эмитенттер санын ұлғайту Биржа үшін өте маңызды және қағидалы мақсаттарының бірі болып табылады. Бұл ретте Биржа, қазақстандық заңнамаға сәйкес бағалы қағаздар шығаратын, отандық компанияларды тартуға назарын аударуды көздеді. Биржаның жеке мақсатты сегменті ретінде орташа капитализациясы бар белсенді дамып келе жатқан, соның ішінде бизнестің дамуының бастапқы кезеңіндегі, компанияларды қарастырылады.

Осындай компанияларды биржалық нарықтың қолжетімділігіне листингтің трансформациясы және жаңа қаржы құралдарын әзірлеу, икемді тарифтік саясат арқылы жету жоспарланды. Трансформация деп Биржаның ресми тізімінің жаңа құрылымын әзірлеу тұспалданады, капитализациясы жоғары деңгейдегі компаниялардың бағалы қағаздары үшін негізгі сауда алаңы мен капитализациясы орташа эмитенттердің бағалы қағаздары үшін арналған жеке сауда-саттық алаңы қатар қызмет етеді. Биржаның бағалауы бойынша листингтің трансформациясы жаңа биржалық қаржы құралдарын енгізумен бірге жаңадан листингіленетін қаржы құралдарының санын 2016 жылдың жоспарлы нәтижесімен салыстырғанда 2018 жылдың соңына қарай 30 % өсуін шарттайды. 2016-2018 жылдарда кемінде корпоративтік бағалы қағаздардың 170 шығарылымының листингі жоспарланады.

Биржа, институционалдық инвесторлардың инвестицияларын қор нарығының құралдарына инвестициялауын ұлғайтуды қамтамасыз етуге, биржалық нарыққа қашықтан, ең алдымен

ЕАЭО елдерінен, қатысушыларды тарту, биржалық сауда-саттыққа бөлшек инвесторларды тарту, сондай-ақ инвесторлардың мүддесін қорғау бойынша шараларды қалыптастыру және жылжыту арқылы инвесторлық базаны кеңейтуді көздеп отыр.

KASE бағалауы бойынша жоспарланған шаралар сауда-саттыққа қатысушылар санын кемінде 30 % ұлғайтып, нарықтың капиталға айналуының және сауда-саттық көлемдерінің өсуіне жеткізуі тиіс. Атап айтқанда, 2018 жылдың соңына қарай акциялар нарығының капиталға айналуының мақсатты көрсеткіші 15,7 трлн теңгеге немесе Қазақстанның ЖІӨ болжамды мәнінен 33 % жеткізу белгіленді.

Биржаның ең ірі сегменті ретінде валюталық нарықтың бәсекелеске қабілеттілігін сақтап қалу және өтімділігін әрі қарай артыру мақсатында, Биржа осы нарықты халықаралық нұсқауларға және үздік әлемдік практикаларға сәйкес дамытуды көздеп отыр. Атап айтқанда, осы нарыққа қатысушылар санын, сауда-саттықтарға Қазақстан Республикасының брокерлік ұйымдарын және олардың клиенттерін, сондай-ақ шетелдік, ең алдымен ЕАЭО елдерінің, банктерді тарту арқылы шеңберін кеңейту жоспарлануда.

Валюталық нарықтағы Тәуекелдерді басқару жүйесін сапалы жаңартып, онда орталықтандырылған клирингтік қарсы агент элементтерін енгізу жоспарлануда. Бұл жұмыстар тек валюталық нарықты дамыту шегінде ғана емес, жалпы Биржадағы клирингтік қызметті дамыту шегінде де жүзеге асырылады.

Стратегии развития KASE дамуының стратегиясын іске асыру шегінде, биржалық ақпаратты сатуды кеңейту, соның ішінде жаңа ақпараттық өнімдерді енгізу және Биржа мүшелерімен және листингтік компаниялармен коммуникацияларды жақсарту арқылы, биржаның интернет-сайтын модернизациялау жоспарлануда.

KASE жаңа стратегиясының маңызды бағыты қолданылатын сауда-саттық және қосалқы технологияларды дамыту, сондай-ақ белсенді тәуекел-менеджментке көшу болып табылады.

Стратегияны табысты іске асыру Биржаның әлемдік салалық стандарттарға сәйкестігін арттырып, Биржаға отандық компаниялардың қаржыландыру тартудың тиімді сауда-саттық алаңына айналуға мүмкіндік береді.

####

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңірінегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарықта жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

Акциялары Биржада саудаланатын, компаниялардың жиынтық нарықтық сомасы 13,12 трлн теңге (\$38,61 млрд) деңгейінде бағаланады. Биржада айналысқа жіберілген борыштың құны 8,57 трлн теңгені (\$25,22 млрд) құрайды, мемлекеттік борыш – 6,8 трлн теңге (\$19,95 млрд).

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)